

**Мусинова Гульмира Султангазыевна «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша**

**П І К І Р І**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация мазмұны Жоғары аттестациялық комитеттің жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланысына қоятын талаптарына толық жауап береді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасының; Қазақстан Республикасы Президентінің «жаңа Қазақстан: жаңарту және жаңғырту жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауының мақсаттарын шешуді көздейді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер атты ғылым дамуы басым бағытының;</p> <p>7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы;</p> <p>7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары атты мамандандырылған ғылыми бағыттарына сәйкес келеді.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады. Семей ядролық сынақ полигоны туралы жазылған көркем шығармалар алғаш рет жүйеленіп, әдебиеттану ғылымындағы маңыздылығы айқындалған. Тақырыптың өзектілігі, жаңашылдығы еңбектің теориялық және тәжірибелік мәні жан-жақты көрсетілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыс зерттеуші өзі жеке дара, жоғары деңгейде жазып шыққан толыққанды зерттеу болып табылады. Оны зерттеу барысында алынған нәтижелер айқындайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігінің негіздемесі айқын. Семей полигоны сынағының көркем әдебиеттегі көрінісін тарихи деректер мен көркем туындылардың жанрлық ерекшеліктерін зерделеп, ғылыми айналымға енгізудің өзектілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық еңбектің мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды. Диссертациялық жұмыста Семей ядролық полигонына қатысты тарихи деректер мұрағат жазбаларымен дәйектеліп, көркем

			<p>туындылар жанрлық жағынан интерпретацияланған. Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар нақты дәйектер негізінде анық және ғылыми тілде сипатталған.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  1) сәйкес келеді;  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсат, міндеттері тақырыпқа толығымен сәйкес. Семей ядролық сынақ полигоны тақырыбындағы көркем шығармалардағы ұлттық мүдде және адам-қоғам-табиғат ұштағандық концепциясының берілу жолдарын анықтап, тұжырымдарында нақтылана түседі. Зерттеу еңбектің құрылымы, тақырыптық-мазмұндық, жүйе-желісі маңызды әрі ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  1) толық байланысқан;  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыс логикалық жағынан аяқталған, ішкі бөлімдері мен негізгі тұжырымдары бір-бірімен толықтай байланыста құрылған кешенді еңбек болып табылады. Зерттеуден алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертациялық жұмыстың құрылымдық тұтастығына негіз болған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі</p>	<p>Диссертациялық еңбекте автор өзі ұсынған Семей полигоны жайлы жазылған туындылардың жанрлық-</p>

		<p>шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>көркемдік ерекшелігін теориялық талдауда жаңа шешімдер ұсынып, әдебиеттегі экология мәселесіне қатысты бұрыннан белгілі әдеби-теориялық тұжырымдармен салыстыра отырып сыни талдау жасаған.</p> <p>Сыни талдау жасауда автор тарих, медицина ғылымындағы зерттеушілердің тұжырымдарымен салыстыра отыра, жүйелей зерделеген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертациялық еңбекті жазу барысында алынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттар толығымен жаңа. Семей қасіреті жайлы жазылған туындылар алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отырғандықтан, алынған нәтижелер нақты және тың:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақ әдебиетіндегі «Семей қасіреті» тақырыбындағы көркем шығармалардың заман шындығын бейнелеудегі орны айқындалған;</li> <li>- Семей полигоны жайлы жазылған прозалық шығармалардың интерпретациясы кезең ақиқатын анықтайтын тарихи материалдар, айғақ-деректерімен, философиялық тұжырымдарымен дәйектелген;</li> <li>- Әдеби туындылардағы ядролық сынақ зардабы</li> </ul>

			<p>адам – қоғам – табиғат ұштағандық концепциясы негізінде бейнеленген;</p> <p>- Көркем шығармалардағы ұлттық мүдде мен қоғамдағы рухани-адамгершілік мәселелер жайындағы концептуалды ойлар тұжырымдалған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық еңбектің қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыста Семей сынақ полигонына қатысты мұрағат материалдарын көркем туындылармен салыстыра зерттеп, тарихи фактілерді көркемдік шындық тұрғысынан айқындап, әр жылдары баспа бетін көрген мақалалардың тақырыптық ерекшелігін саралап, Семей қасіреті жайлы жазылған көркем туындыларды бүгінгі жаңарған тәуелсіз таным тұрғысында зерделеуде жасалған қорытындылары жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың технологиялық шешімдері жартылай жаңа және негізделген.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>Диссертациялық жұмыстағы барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда гуманитарлық бағыттағы ауқымды да шынайы дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу барысында жасалған қорытындылар сипаты жаңа, ғылыми тұрғыда маңызды және шынайылық дәрежесі жоғары.</p> <p>Барлық тұжырымдар негізі зерттеу нысанына алынған тақырыпқа қатысты салыстырмалы талдаулар негізінде жасалған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>7.1 Диссертациялық жұмыстың әр қағидаты толығымен дәлелденген. Мұрағаттардан алынған материалдарды пайдалану арқылы нақты тұжырымдар мен қорытындылар жасаған.</p> <p>Сынақ полигонының басылым беттеріндегі көрінісін Абыралы, Қарауыл жері және көршілес облыстарға тигізген зияны жайлы мақалалармен салыстыра дәйектелген.</p> <p>Көшпенді халықтың мифтік көркемдік танымға негізделген аңыздары арқылы көркем туындылардың рухани-адамгершілік аспектісі зерделенген.</p> <p>Қазақ халқының трагедиясын жырларымен жеткізген ақындардың</p>

			<p>даралық сипатын, өлеңдеріндегі психологиялық, эстетикалық, философиялық қырларын айқындаған.</p> <p>Семей қасіреті жайлы жазылған прозалық шығармалар жалпы адамзаттық трагедия аясында зерттелген.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыстың қағидаты тривалды болып табылмайды.</p> <p>7.3 Диссертациялық жұмыстың мазмұнын толыққанды жаңа еңбек деп атауға болады, себебі, Ұлттық мемлекеттік ғылыми-сараптама орталығынан талапқа сай талдаудан өткен.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыстың қолдану деңгейі кең. Диссертациялық еңбекте мұрағат материалдары арқылы нақты тарихи фактілер дәйектелген. Басылым беттеріндегі жарияланған мақалалардың тақырыптық сипаты, поэзиялық, прозалық және драмалық туындылардағы Семей қасіретінің көрінісі жан-жақты зерделеніп көрсетілгендіктен әдебиеттану ғылымында ғана емес, көпшілік оқырманға да қызығушылық тудыраы сөзсіз.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары</p>
--	--	--	--

			мен нәтижелері ҚР ҒЖБССҚК ұсынған отандық басылымдарда жарияланған 3 мақалада, Скопус (Scopus) компаниясының мәліметтер базасына кіретін ғылыми журналда 1 мақалада және халықаралық конференция материалдарында жарық көрген 1 мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста әдіснама нақты таңдалып, жазылған. Зерттеу жұмысында интерпретациялық әдіс, салыстырмалы талдау, құрылымдық, семиотикалық, құрылымдық талдау, жүйелеу әдістері ғылыми басшылыққа алынып, мазмұнға сай, дәйекті қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар	Диссертациялық жұмыста теориялық қорытындылар мен тұжырымдар өзара байланыста және арнайы



		<p>эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>пайымдаулар жасай отырып дәлелденіп, нақтыланған. Диссертацияның нәтижелерінің негізділігі мен дәйектілігі тақырыптың терең пайымдауға құрылған талдаулар әдістемесі негізінде жасалған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жасалған маңызды мәлімдемелер нақты әрі сенімді болып табылады және дәйекті ғылыми әдебиеттерді басшылыққа алу негізінде жасалған. Диссертациялық еңбекте 140-тан астам отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін қарастырып, сілтемелері расталып берілген.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі толыққанды әрі жан-жақты әдеби шолу жасауға жеткілікті.</p>
9	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар және жоғары, ұсынылған тұжырымдар теориялық тұрғыдан толығымен дәлелденген.</p> <p>Семей полигоны жайлы жазылған әдеби шығармаларға интерпретациялық талдау жасалып, көркемдік әдістері мен құрылымдық семиотикасына кешенді ғылыми-теориялық талдау жасалды.</p>

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Диссертациялық еңбектегі қарастырылған негізгі мәселелер мен зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының әдебиет пәні бойынша қазіргі қазақ әдебиеті курстарында, өлең теориясы мен практикасы, қазіргі қазақ прозасы пәндері курстарында берілетін дәрістерге қолдануға мүмкіндік береді және өз кезегінде жұмыстың практикалық маңызы жоғары екенін айқындайды.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыста айтылған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу қорытындыларын практика жүзінде сенімді ақпарат көзі ретінде пайдалануға болады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен;</li> <li>4) төмен.</li> </ol>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары және автордың жасаған ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулары анық әрі түсінікті түрде берілген. Жұмыстың рәсімделуі 2011 жылдың 31 наурызындағы «Ғылыми дәрежелер беру ережесі» талаптарына сай.</p>

«Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Академиялық дәрежені тағайындау ережесінің» 2-бөлімінде көрсетілген талаптарына толығымен жауап беретін жаңа, ғылыми негізделген

ұсыныстары мен қорытындыларын, теориялық және тәжірибелік нәтижелерін қамтитын кешенді еңбек болып табылады.

Мусинова Гульмира Султангазыевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты еңбек деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Ә.Марғұлан атындағы**

**Павлодар педагогикалық университеті**

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы**

**бойынша білім беру бағдарламасы доценті,**

**Филология ғылымдарының кандидаты**

*Ағалиева* Ағалиева Нургул Болатовна

